



**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ
БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA**

**О.А. БАЙҚОҢЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ЖЕЗҚАЗҒАН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
СЫРТҚЫ АУДИТІ БОЙЫНША ЕСЕП**

6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН АККРЕДИТТЕУ

Астана 2026

САРАПШЫЛАР ТОБЫ



Калиев Бектурсын Аманкулович

Сарапшы

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті Қазақ тіл білімі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты.



Мұсабаев Сәкен Жанбырбайұлы

Жұмыс берушілер өкілі

Жезқазған қаласындағы №9 мектеп-интернатының директоры



Зейнельгабдинова Нурия Саматқызы

Студенттер өкілі

Қарағанды қаласы, «Bolashaq» академиясы» ЖМ қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 2-курс студенті

IQAA ҮЙЛЕСТІРУШІСІ

Есенбекова Самал Канатовна, IQAA, ЖОО аккредиттеу департаменті

Сарапшылар тобының есебі - IQAA-ның зияткерлік меншігі. Кез келген ақпаратты IQAA-ға сілтеме болған кезде ғана пайдалануға жол беріледі. Авторлық құқықты бұзу заңды жауапкершіліктің басталуына әкеледі.

**ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІҢ ӘРБІР
СТАНДАРТ БОЙЫНША 6B01701 – ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ІСТЕРІНІҢ
НАҚТЫ ЖАЙ-КҮЙІНЕ СӘЙКЕСТІК ДЕҢГЕЙІ**

Стандарт	Өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің әрбір стандарт үшін ЖОО-дағы істердің нақты жай-күйіне сәйкестік деңгейін белгілеңіз			
	Толық сәйкестік	Маңызды сәйкестік	Ішінара сәйкестік	Сәйкессіздік
<i>1-стандарт</i> Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты	+			
<i>2-стандарт</i> Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару	+			
<i>3-стандарт</i> Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау		+		
<i>4-стандарт</i> Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау		+		
<i>5-стандарт</i> Профессор-оқытушылар құрамы		+		
<i>6-стандарт</i> Оқу ресурсы және студенттерді қолдау	+			
<i>7-стандарт</i> Жұртшылықты ақпараттандыру		+		

Ескерту: Аккредиттеу кеңесінің шешімімен «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару» 2-стандарты бойынша бағалау «Толық сәйкестік» деңгейінен «Елеулі сәйкестік» деңгейіне, «Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау» 4-стандарты және «Профессор-оқытушылар құрамы» 5-стандарты бойынша бағалаулар «Елеулі сәйкестік» деңгейінен «Ішінара сәйкестік» деңгейіне өзгертілді.

МАЗМҰНЫ

1-тарау

Кіріспе 5

ЖОО-ның негізгі сипаттамасы 6

2-тарау

ЭКСПЕРТТІК ТОПТЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕБІ

Кіріспе 7

Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандартына сәйкестігі

1-стандарт. Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты 7

2-стандарт. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару 9

3-стандарт. Студентке орталықтандырылған оқыту, оқыту және бағалау 11

4-стандарт. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау . 13

5-стандарт. Профессор-оқытушылар құрамы..... 17

6-стандарт. Оқу ресурстары және студенттерді қолдау 19

7-стандарт. Жұртшылықты ақпараттандыру 21

3-тарау

Қорытынды 23

1-ТАРАУ

САПАРДЫҢ МӘНМӘТІНІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Kіріспе

Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті «Педагогика, филология және шығармашылық» кафедрасының 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының өзін-өзі бағалау есебі және сыртқы аудит бойынша білім бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеу аясында БСҚА сыртқы сарапшысының келіп қарауы 2026 жылдың 19-20 мамыры аралығында өтті.

Сыртқы аудит БСҚА дайындаған бағдарлама негізінде жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материал (іссапар бағдарламасы, ББ бағдарламасының өзін-өзі бағалау есебі, сыртқы аудит бойынша білім бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеуден өткізуді ұйымдастыру нұсқауы) сарапшы топ мүшелеріне оқу орнына барғанға дейін беріліп, сыртқы аудит жүргізуге өз уақытында дайындалуға мүмкіндік берді.

Университет басшылығымен кездесу сарапшы топ мүшелеріне ЖОО-ның жетістігі мен оның болашақтағы дамуымен танысуына мүмкіндік берді.

Бағдарламаға сай іссапар ауқымында жоспарланған іс-шара университеттің құрылымы, оның материалдық-техникалық базасы, түлектерді шығарушы кафедраның профессор-оқытушы құрамы, білім алушылар, түлектер, жұмыс берушілермен егжей-тегжейлі танысуға ықпал жасады және сыртқы сарапшыларға ұсынылған есептің білім беру бағдарламасының нақты жай-күйіне, олардың арнайы аккредитация стандартына сәйкестігі жөнінде тәуелсіз баға беруге мүмкіндік береді.

Университеттің 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша өзін-өзі бағалау мақсатында ұсынылған есебінде осы кәсіптің мамандарын барша бағыт ауқымында даярлаудың, оның күшті және әлсіз тараптарын айқындаудың, қауіп-қатер мен болашақта одан әрі даму үдерісін анықтаудың мол ақпараттық көлемі мазмұндалған.

ЖОО-ның материалдық базасы туралы, оқу-әдістемелік және ғылыми үдерісті ұйымдастыру, сұхбат өткізу үшін мақсатты топпен жүздесуді ұйымдастыру барысында көзбен көріп, танысу үдерісі жүзеге асты.

Сарапшылар құрылымында 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын дайындайтын кафедра, басқа да құрылымдық бөлім мен инновациялық зерттеу орталығы, бай кітапханасы бар Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетімен көзбе-көз танысты.

Сыртқы аудитті жүргізу барысында 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын дайындайтын кафедраның және сол кәсіпті дайындауға септігін тигізетін құрылымдық бөлімнің оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және материалды-техникалық жағынан дайындығын қамтамасыз ететін құжатына сараптама жасалды. Аккредиттеліп жатқан мамандықтың білім бағдарламасымен толық танысу үшін кәсіби пәндер бойынша сабақтар тексеріліп, пәндердің оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етілуі қарастырылды. Өзін-өзі бағалау есебі 91 бет мәтін материалынан және 70 бет

қосымша материалдан тұрады. Есепте негізгі мәселе қамтылған, құрылымы дұрыс берілген. Берілген материалда жалпы және жекелей сараптама қамтылған.

Сыртқы аудит бойынша университет корпустары, кітапхана қоры, жатақхана т.б. құрылымдық ғимараты қаралып, ББ талабына сәйкестігі көрінді. Сондай-ақ 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ қатысты құжат қаралып, сараптама жасалды.

ЖОО-ның негізгі сипаттамасы

Университеттің қысқаша даму тарихы мынадай:

1961 жылы Қазақ КСР Жоғары және арнаулы орта білім министрінің бұйрығына сәйкес Қарағанды политехникалық институтының кешкі дайындық курстары негізінде Жезқазған кешкі жалпы техникалық факультеті ашылған.

1977 жылы Жезқазған кешкі жалпы техникалық факультеті Қарағанды Еңбек Қызыл Ту орденді политехникалық институтының филиалы болып қайта құрылған.

1975 жылы Жезқазған педагогикалық институты болып құрылады.

1992 жылы Қарағанды политехникалық институтының филиалы ҚР Министрлер Кабинетінің қаулысына сәйкес Жезқазған тау-кен-технологиялық институты болып қайта құрылады.

Ал 1996 жылы ҚР Үкіметінің қаулысы негізінде Жезқазған тау-кен-технологиялық институты мен педагогикалық институтын біріктіру арқылы Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті болып қайта құрылады.

Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті – бүгінде Сарыарқаның Ұлытау өңіріндегі жалғыз көпсалалы ЖОО, сондықтан университеттің әзірленіп жатқан моделінің құрамдас бөлігі – осы өңірдің кадрлық және ғылыми қамтамасыз ету мәселесін шешу.

Аталған оқу орны – Ұлытау облысының қарқынды дамып келе жатқан білім беру және ғылыми-зерттеу қызметінің кең ауқымды тұтынушыларымен, оқу және ғылыми орталықтармен серіктестік байланысты дамытады, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Жоғары оқу орны 30 жыл ішінде білім беру, материалдық-техникалық база, ғылыми кадрлық әлеует жағынан заман талабына сәйкес толықтырылған. Университет оқытудың жаңа инновациялық технологиясын қолданысқа енгізіп, ғылыми зерттеу, сапалы білім беруді іске асыруда. Университет түлектері еңбек нарығында бәсекелестікке ене отырып, Қазақстан білім жүйесінің кез келген шегінде қызмет етуде.

Аталған оқу орнының басты мақсаты – студенттердің өз әлеуетін көтеруге әсер ете отырып, ЖОО-ның халықаралық және республикалық деңгейде алдыңғы қатардан көрінуі үшін өмір бойы білім алу біліктілігін дамыту. Жезқазған университетінің басымдығы – жоғары білім мәдениетіне негізделген академиялық саясат, кадр және қаржы менеджментінің, стратегиялық жоспардың жеке моделін орнықтырып, қалыптастыру.

2-ТАРАУ

САРАПТАМАЛЫҚ ТОПТЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕБІ

Кіріспе

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім бакалаврын дайындайтын 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы 2004 жылы ашылған. 6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» бакалавриатының білім беру бағдарламасын «Педагогика, филология және шығармашылық» кафедрасы жүзеге асырады.

Ұлытау өңірі үшін қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын даярлау 1989 жылы Жезқазған педагогикалық институтында (кафедраның ашылуы және алғашқы талапкерлерді қабылдауы) басталған. Алғашқы түлектері 1994 жылы бітірген. Осы уақыттан бері қала, өңір және ел үшін мамандар даярлау ісі үздіксіз жүргізіліп келеді.

6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» бакалавриатының білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеуден өткізумен байланысты өзін-өзі бағалау есебін дайындау барысында қажетті мәлімет БСҚА-ның (IQAA) жоғары білімнің білім беру бағдарламасын аккредиттеу нұсқауына сәйкес жүйеленген.

Бағдарламалық аккредитация стандартына сәйкестігі

1-стандарт. Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты

Дәлелдемелер және талдау:

6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы Жезқазған университеті имени О.А. Байқоңыровтың сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі аясында жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламасының мақсаты университеттің миссиясымен, кафедраның даярлау бағытымен және өңірдің педагогикалық кадрларға деген сұранысымен өзара байланысты. Университет миссиясы кәсіби құзыретті, өңір мен елдің инновациялық әлеуетін дамытуға қабілетті түлектерді даярлауға бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, ОП 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» өңірлік білім беру ұйымдары үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерін даярлауға бағдарланған.

Университетте білім беру сапасын қамтамасыз ету Академиялық саясат, сапа менеджменті жүйесінің ішкі құжаттары, білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру қағидалары, академиялық адалдық кодексі, антикоррупциялық саясат және ішкі аудит рәсімдері арқылы реттеледі. Академиялық саясатта білім беру үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру, оқу нәтижелерін бағалау, студенттердің академиялық құқықтарын сақтау, академиялық мобильдік, білім беру бағдарламаларын іске асыру және академиялық адалдық мәселелері қамтылған.

Сыртқы аудит барысында университетте сапаны қамтамасыз ету

саясатының институционалдық деңгейде ғана емес, кафедра және білім беру бағдарламасы деңгейінде де іске асырылатыны анықталды. Кафедра білім беру бағдарламасының мазмұнын жаңарту, жұмыс оқу жоспарларын қарау, элективті пәндер каталогын жетілдіру, оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу және білім алушылардың оқу жетістіктерін мониторингтеу жұмыстарына қатысады.

Білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз етуде жұмыс берушілермен өзара байланыс маңызды орын алады. Кафедра жұмыс берушілерге элективті пәндер каталогын ұсынып, олардың пікірлері мен ұсыныстарын ескереді. Жұмыс берушілер дипломдық жұмыстарды рецензиялауға, түлектердің кәсіби даярлығын бағалауға және білім беру бағдарламасының мазмұнын жетілдіруге қатысады. Бұл білім беру бағдарламасының еңбек нарығы сұранысына бейімделуіне және түлектердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Академиялық адалдық университеттің білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Университетте академиялық адалдық кодексі, студенттер мен магистранттардың ар-намыс кодексі, плагиатқа қарсы тексеру тәртібі, емтихандарды прокторинг жүйесі арқылы өткізу тәртібі, этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес туралы ережелер әрекет етеді. Жазбаша жұмыстарды тексеру үшін лицензиялық антиплагиат жүйесі қолданылады.

Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат та жүйелі түрде іске асырылады. Сайтта антикоррупциялық саясатқа қатысты нормативтік құжаттар, байланыс арналары, ректордың виртуалды қабылдауына жүгіну мүмкіндігі және жауапты қызметтердің байланыстары орналастырылған. Студенттер туындаған мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түрде өтініш бере алады. Ректордың білім алушылармен кездесулер өткізуі, студенттердің комиссиялар мен талқылауларға қатысуы, ұсыныстардың алқалы органдарда қаралуы ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етеді.

Ішкі сапаны бақылау университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелері арқылы жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламасының тиімділігін бағалау үшін студенттер, жұмыс берушілер және түлектер арасында сауалнамалар жүргізіледі. Оқу үдерісінің сапасы, студенттердің сабаққа қатысуы, білім алушылардың оқу жетістіктері, ашық сабақтар мен өзара сабаққа қатысу нәтижелері кафедра деңгейінде талданып, қажет болған жағдайда түзету шаралары қабылданады.

Осылайша, 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша сапаны қамтамасыз ету саясаты университеттің жалпы стратегиялық бағытымен, академиялық саясатымен, сапа менеджменті жүйесімен және академиялық адалдық қағидаттарымен үйлестірілген. Бағдарлама бойынша жұмыс берушілермен байланыс, ішкі мониторинг, антиплагиат жүйесі, студенттердің құқықтарын қорғау және ашық басқару тетіктері қалыптасқан.

1-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

2-стандарт. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару

Дәлелдемелер және талдау:

6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы ҚР жоғары білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілеріне, жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Ұлттық біліктілік шеңберіне, Дублин дескрипторларына және университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген.

Білім беру бағдарламасының мақсаты – білім беру саласында кәсіби және тұлғалық құзыреттіліктерді меңгерген, қазіргі интеллектуалдық талаптарға сай, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын даярлау. Бағдарлама мазмұны университет миссиясымен, кафедраның даярлау бағытымен және өңірдің педагогикалық кадрларға деген сұранысымен үйлеседі.

Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту Жезқазған университетінің ішкі сапа менеджменті жүйесі құжаттары негізінде жүзеге асырылады. Университетте білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту, жаңарту және олардың тиімділігін бағалау тәртібі регламенттелген. ОП мазмұны білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының, оның ішінде профессор-оқытушылар құрамының, білім алушылардың, жұмыс берушілердің және құрылымдық бөлімшелердің қатысуымен қалыптастырылады.

6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы екі негізгі білім беру траекториясы бойынша оқытуды көздейді. Бағдарламаның құрылымы жалпы білім беру пәндері, базалық пәндер және кәсіптік пәндер циклдерін қамтиды. Сонымен қатар оқу, педагогикалық және дипломалды практика, дене шынықтыру, қосымша оқыту түрлері және қорытынды аттестаттау қарастырылған.

Теориялық оқыту мазмұны міндетті компонент және таңдау компоненті арқылы жүзеге асырылады. Таңдау компоненті білім алушылардың жеке білім беру траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Элективті пәндер каталогы еңбек нарығының сұранысы, жұмыс берушілердің ұсыныстары және білім алушылардың кәсіби қызығушылықтары негізінде жаңартылып отырады.

Оқу нәтижелері құзыреттілік тәсілге негізделген және білім алушылардың кәсіби, әдістемелік, коммуникативтік, зерттеушілік және әлеуметтік-тұлғалық құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Бағдарламадағы пәндер нәтижеге бағдарланған білім беру қағидаттарына сәйкес құрастырылған және түлектердің болашақ кәсіби қызметінде қажетті білім, білік және дағдыларды меңгеруіне жағдай жасайды.

Білім беру бағдарламасының оқу жоспары пәндерді оқытудың логикалық бірізділігі, сабақтастығы және жүйелілігі қағидатына сай құрылған. Пререквизиттер мен постреквизиттердің өзара байланысы білім алушылардың оқу материалын кезең-кезеңімен меңгеруіне және кәсіби құзыреттіліктерді біртіндеп қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Жұмыс оқу жоспарлары барлық оқу кезеңіне және әр оқу жылына әзірленеді. Олар жалпы білім беру, базалық және кәсіптік пәндер циклдері бойынша пәндердің тізбесін, кредит көлемін, семестрлер бойынша бөлінуін және оқу жүктемесін қамтиды. Жұмыс оқу жоспарлары белгіленген тәртіппен қаралып, университеттің алқалы органдарында бекітіледі.

Білім беру бағдарламасының маңызды құрамдас бөлігі – кәсіби практика. Практика базалары ретінде орта білім беру ұйымдары, колледждер және университеттің оқу-көмекші құрылымдары пайдаланылады. Есептік кезеңде білім беру бағдарламасы бойынша оқу, педагогикалық және дипломалды практикадан өту үшін Жезқазған, Сәтбаев қалалары және Ұлытау облысының аудандық мектептерімен 20-дан астам келісімшарт жасалған. Бұл практикалық даярлықтың білім беру бағдарламасының кәсіби бейініне сәйкестігін көрсетеді.

Кафедра тарапынан практиканың барлық түрлері бойынша оқу-әдістемелік кешендер әзірленген. Онда практиканың мақсаты мен міндеттері, өту кестесі, студенттің міндеттері, есептік құжаттарды рәсімдеу тәртібі, қорытындылау және бағалау критерийлері көрсетілген.

Ақпараттарды басқару университеттің ішкі ақпараттық жүйелері, Platonus порталы, кафедра құжаттары, оқу-әдістемелік материалдар, академиялық күнтізбе, элективті пәндер каталогы және білім алушылардың жеке оқу жоспарлары арқылы жүзеге асырылады. Білім алушылар оқу жоспарына, пәндер туралы ақпаратқа, силлабустарға, бағалау талаптарына және оқу үдерісіне қатысты мәліметтерге қол жеткізе алады.

Сыртқы аудит барысында білім беру бағдарламасының мазмұны қазақ тілі мен әдебиеті саласы бойынша болашақ мамандардың кәсіби даярлығына қажетті негізгі бағыттарды қамтитыны анықталды. Бағдарламада тіл білімі, әдебиеттану, оқыту әдістемесі, педагогикалық практика және ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру бағыттары қамтылған.

Сонымен бірге білім беру бағдарламасының одан әрі дамуы үшін қазіргі гуманитарлық білім беру үрдістерін ескеру маңызды. Атап айтқанда, цифрлы гуманитаристика, медиа мәтіндермен жұмыс, контент әзірлеу, тілдік технологиялар, академиялық жазылым және қазақ тілін цифрлы ортада оқыту бағыттарын элективті пәндер мен оқу-әдістемелік мазмұн арқылы күшейту бағдарламаның заманауи еңбек нарығындағы тартымдылығын арттыра алады.

Жалпы алғанда, 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару талаптарына сәйкес келеді. Бағдарлама құрылымы нормативтік талаптарға сай, мазмұны кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған, ал жұмыс берушілермен өзара байланыс және практика базаларының болуы бағдарламаның практикалық бағыттылығын қамтамасыз етеді.

Ескерту:

ББ мазмұнын жаңарту процесінде еңбек нарығының жаңа талаптарының, жұмыс берушілер ұсыныстарының, түлектердің кәсіби траекторияларының және білім алушылар сұраныстарының нақты ықпалы жеткілікті деңгейде

дәлелденбеген.

Жақсарту салалары:

ББ мазмұнын қазіргі еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін бағыттармен, оның ішінде цифрлық гуманитаристика, медиамәтін, контент әзірлеу, тілдік технологиялар және академиялық жазылым бағыттарымен толықтыру.

Жұмыс берушілердің ұсыныстарын, түлектердің кәсіби траекторияларын және білім алушылардың сұраныстарын ескере отырып, элективті пәндер каталогын тұрақты негізде жаңартып отыру.

2 - стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – елеулі сәйкестік

3-стандарт. Студентке орталықтандырылған оқыту, оқыту және бағалау

Дәлелдемелер және талдау:

6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша оқу үдерісі студентке орталықтандырылған оқыту қағидаттарына негізделген. Университеттің Академиялық саясаты білім алушылардың жеке білім беру траекториясын қалыптастыруға, оқу нәтижелеріне қол жеткізуге, білім алушылардың академиялық құқықтарын сақтауға және білім беру сапасын арттыруға бағытталған.

Білім беру бағдарламасында студент негізгі тұтынушы және оқу үдерісінің белсенді қатысушысы ретінде қарастырылады. Оқу үдерісі білім алушылардың кәсіби қызығушылығын, жеке қабілетін, академиялық қажеттілігін және болашақ кәсіби қызметіне қойылатын талаптарды ескере отырып ұйымдастырылады.

Жеке білім беру траекториясы білім алушылардың сұранысы мен кәсіби қажеттілігіне сәйкес қалыптастырылады. Студенттер элективті пәндерді таңдау арқылы өздерінің кәсіби бағытын нақтылай алады. Эдвайзерлік қолдау білім алушыларға жеке оқу жоспарын қалыптастыру, пәндерді таңдау, оқу жүктемесін жоспарлау және академиялық талаптарды түсіну барысында көмек көрсетеді.

Оқу үдерісінде заманауи педагогикалық әдістер мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылады. Бағдарлама бойынша іскерлік ойындар, кейс-стади, проблемалық оқыту, мәселелік бағдарланған оқыту, дамыта оқыту, топтық жобалар, пікірталас, шығармашылық тапсырмалар және интерактивті әдістер пайдаланылады. Бұл әдістер білім алушылардың тілдік мәдениетін, әдеби мәтінді талдау дағдыларын, сыни ойлауын, коммуникативтік қабілетін және педагогикалық шеберлігін дамытуға бағытталған.

Білім беру бағдарламасының мазмұны болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Оқу үдерісінде білім алушылардың пәндік білімімен қатар, әдістемелік,

зерттеушілік, шығармашылық және әлеуметтік-коммуникативтік дағдылары дамытылады.

Студенттердің оқу жүктемесі академиялық күнтізбе, оқу жоспары және пәндердің кредит көлеміне сәйкес белгіленеді. Оқу жүктемесін ұйымдастыруда білім алушылардың өзіндік жұмысы, оқытушымен өзіндік жұмысы, практикалық сабақтары, семинарлары және кәсіби практикасы ескеріледі.

Бағалау жүйесі университеттің Академиялық саясатына сәйкес жүзеге асырылады. Пән силлабустарында оқу нәтижелері, бағалау критерийлері, бақылау түрлері, тапсырмалар және қорытынды баға қою тәртібі көрсетіледі.

Білім алушылардың оқу жетістіктері ағымдық бақылау, аралық бақылау, емтихан және қорытынды аттестаттау арқылы бағаланады. Бағалау барысында білім алушылардың теориялық білімді меңгеруімен қатар, практикалық тапсырмаларды орындауы, мәтінді талдау қабілеті, шығармашылық жұмысы, педагогикалық жағдаяттарды шешуі және кәсіби құзыреттіліктері ескеріледі.

Университетте білім алушылардың құқықтарын қорғау және кері байланыс тетіктері қарастырылған. «ПОҚ студент көзімен» сауалнамасы, білім беру сапасына қанағаттану бойынша сауалнамалар, құқықтық семинарлар, конференциялар және басқа да іс-шаралар студенттердің пікірін ескеруге мүмкіндік береді. Сауалнама нәтижелері білім беру үдерісін жетілдіруге, оқыту әдістерін жақсартуға және студенттердің академиялық қажеттіліктерін анықтауға бағытталуы тиіс.

Студенттерге қолдау көрсету университеттің құрылымдық бөлімшелері арқылы жүзеге асырылады. Студенттерге қызмет көрсету орталығы, эдвайзерлер, кураторлар, Жастар ісі комитеті және кафедра білім алушылардың академиялық, әлеуметтік және шығармашылық дамуына қолдау көрсетеді.

Сонымен қатар сыртқы аудит барысында білім алушылардың академиялық ұтқырлыққа қатысу деңгейі жеткіліксіз екені анықталды. Бұл білім алушылардың ішкі және сыртқы білім кеңістігіне интеграциялану мүмкіндіктерін шектейді және студенттердің басқа академиялық ортада тәжірибе жинақтауына жеткілікті жағдай жасалмағанын көрсетеді.

Академиялық ұтқырлық болашақ мамандардың кәсіби және мәдениаралық құзыреттіліктерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Қазақ тілі мен әдебиеті бағыты бойынша, әсіресе, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан және басқа да түркітілдес елдердің жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты кеңейту білім алушылардың академиялық тәжірибесін байытуға және түркі әлемі әдебиеті мен тілдік кеңістігін тереңірек игеруіне мүмкіндік береді.

Сондай-ақ білім алушылардың ғылыми-зерттеу және жобалық қызметке қатысуы жеткіліксіз деңгейде. Студенттердің зерттеу жобаларына, стартаптарға немесе басқа да жобалық жұмыстарға қатысуы көрсетілмеген. Бұл студенттердің ғылыми әлеуетін дамыту, зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру және ғылыми-шығармашылық белсенділігін арттыру бағытында жүйелі жұмысты күшейту қажеттігін көрсетеді.

Білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына тарту қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы үшін маңызды. Студенттерді ғылыми конференцияларға, пәндік олимпиадаларға, әдеби-шығармашылық жобаларға, тілдік зерттеулерге, фольклорлық және өңірлік әдеби мұраны зерттеу жұмыстарына қатыстыру олардың кәсіби даярлығын күшейтіп, болашақ педагог ретінде зерттеушілік мәдениетін қалыптастырады.

Осылайша, білім беру бағдарламасы бойынша студентке орталықтандырылған оқыту, оқыту және бағалау тетіктері негізінен қалыптасқан. Білім алушылардың жеке білім беру траекториясын қалыптастыру, интерактивті оқыту әдістерін қолдану, бағалау критерийлерінің ашықтығы және студенттерге қолдау көрсету жүйесі стандарт талаптарына сәйкес келеді. Алайда академиялық ұтқырлық пен студенттердің ғылыми-зерттеу жобаларына қатысуын дамыту бағыттары қосымша назар аударуды қажет етеді.

Ескертулер:

Білім алушылардың ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу деңгейі жеткіліксіз.

Студенттерді ғылыми-зерттеу, стартап және халықаралық жобаларға тарту жұмысы жүйелі түрде жолға қойылмаған.

Жақсарту салалары:

Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан және басқа да түркітілдес елдердің университеттерін қоса алғанда, жетекші отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен академиялық ынтымақтастықты кеңейту.

Студенттердің ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлыққа қатысуын қамтамасыз ету мақсатында қолжетімді бағдарламалар туралы тұрақты ақпараттандыру, студенттік алмасу және қысқа мерзімді академиялық бағдарламаларды ұйымдастыру, сондай-ақ оқу нәтижелерін тану рәсімдерін қамтамасыз ету.

Студенттерді ғылыми-зерттеу және шығармашылық қызметке тарту тетіктерін, оның ішінде ғылыми жобаларға, конференцияларға, пәндік олимпиадаларға және жобалық қызметке қатысу арқылы күшейту.

3-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – елеулі сәйкестік.

4-стандарт. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау

Дәлелдемелер және талдау:

6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының негізгі тұтынушысы – осы мамандық бойынша білім алушы студенттер.

Сондықтан да білім беру бағдарламасы бойынша оқыту студентке бағдарланған сипатта жүзеге асырылады.

ББ-ның тиімділігі мен нәтижелігін қамтамасыз етуде Ө.А.Байқоңыров

атындағы Жезқазған университеті студенттерге қолайлы орта жасаудың академиялық заманауи үлгісін қалыптастырған. Түрлі басылым мен университет сайтында үздіксіз жарық көріп тұратын жарияланым – осының дәлелі.

Білім беру сапасын ішкі қамтамасыз етудің маңызды элементі – студентке бағытталған оқыту және білім алушылардың үлгерімін бағалау. Студенттердің уәжділігі мен қызығушылығы білім беру үдерісінде маңызды рөл атқарады және оқу нәтижесіне тікелей әсер етеді.

Студенттер мен университет қызметкерлері оқу үдерісі барысында туындайтын мәселені және негізгі мүдделі тараптар ретінде кездесетін қиындықты ортақ түсінік қалыптастыру мақсатында өзара ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Университетте студенттерді қолдау жүйесі әзірленген, ол білім алушыларды қажетті білім беру ресурсымен қамтамасыз етуге бағытталған. Мұндай ресурсқа материалдық (кітапхана, компьютерлік сынып, зертхана және т.б.) және адами ресурс (эдвайзер) кіреді.

Университетте әртүрлі студенттік топтың (жұмыс істейтін студент, шетелдік студент, ерекше білім беру қажеттігі бар студенттер және т.б.), сондай-ақ әрбір студенттің жеке қажеттігін қанағаттандыруға бағытталған қолдау қызметі жұмыс істейді.

Университет әлеуметтік жағдайы төмен студентке, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушыға, мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беру қажеттігі бар студенттерге оқу ақысына жеңілдік ұсынады.

Сондай-ақ жыл сайын университет ректоры А.А.Такишовтің оқу гранты тағайындалады. Жыл сайын «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының «Қазақстан халқына» білім беру гранты бағдарламасы аясында гранттар беріледі.

Барлық білім алушы міндетті түрде Академиялық саясатпен таныстырылады және университеттің Академиялық адалдық кодексімен, университеттің қызмет ету рәсіміне қатысты ереже мен талаптар жиынтығын айқындайтын құжат болып табылады. Тиісті құжат ақпараттық базада және ресми сайтта орналастырылған.

<https://zhezu.edu.kz/> «Platonus 6.0» порталында және файл-серверде орналастырылған, оған студенттер мен ПОҚ жергілікті компьютерден де, университеттің мобильді қосымшасы арқылы да қол жеткізе алады.

Оқу нәтижесінің тиімділігі мен сапасы ішкі және сыртқы мониторинг арқылы тексеріледі. Сенімді ақпарат алу мақсатында білім беру үдерісінің түрлі субъектісіне (студент, ата-ана, жұмыс берушіге, профессор-оқытушылар құрамына) сауалнама жүргізіледі.

Университетке қабылдау кезеңінде және бейімделу аптасы барысында әрбір студентке анықтамалық-жолсілтеме беріледі, онда мыналар қамтылған:

- ішкі тәртіп ережесі;
- барлық қызметтердің жұмыс тәртібі;
- әкімшілік пен профессор-оқытушылар құрамының аты-жөні, ғылыми дәрежесі;

- профессор-оқытушылар құрамының электронды пошта мекенжайы;
- оқу ақысын төлеу тәртібі;
- оқу нәтижесін бағалау талабы нақты әрі түсінікті түрде көрсетіледі;
- білім беру курсы (майнор/мейжор) туралы ақпарат және т.б. ұсынылады.

Анықтамалық-жолсілтеме жыл сайын жаңартылып отырады. Анықтамалық-жолсілтеменің электрондық нұсқасы Университеттің сайтында орналастырылған.

Университетте студенттердің білім беру қызметінің сапасына қанағаттануы жайлы сауалнама жүргізу шарасы жүйелі түрде жүргізіліп тұрады. Оқытушының оқу үдерісіндегі білім деңгейі мен кәсіби дәрежесін бағалауда «Студенттердің оқу үдерісіндегі білім беру сапасына қанағаттануы», «Оқытушы студент көзімен» т.б. бағытындағы сауалнама жүргізіледі, соның нәтижесінде университеттен алған біліміне, студенттік өмірге қанағаттанатындығын байқауға болады.

Сауалнама нәтижесі – білім берудің әрбір элементі туралы пікірді қалыптастыру үшін объективті пікір.

Білім алушылардың ББ қызметіне сәйкес кәсіби біліктілігі олардың жұмысқа орналасу көрсеткішімен байланысты. Бұған бітірушілердің есеп беріп отырған жылдарда жұмысқа орналасуының пайыздық үлесі - 80 % жетуі нақты дәлел бола алады.

Кесте 4.1. Білім алушыларды қабылдау және бітіру туралы мәліметтер

Оқу жылы	Қабылдау	Бітіру	Жұмысқа орналасқан студент саны	Жұмысқа орналасу %
2024-2025	6	7	6	85,7
2023-2024	7	1	1	100
2022-2023	19	6	5	83
2021-2022	0	5	4	80
2020-2021	0	19	17	89,5
Жалпы	45	56	49	87,5

Еңбек нарығының сұранысына ие болған бітірушілермен кері байланыс ұйым басшылары тарапынан берілген мінездеме, алғыс хат арқылы жүзеге асады.

6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» бакалавриаты бойынша ББ-ны толық меңгерген университет түлектері Қазақстанның әр түкпірінде қызмет етуде. Сондай-ақ түлектердің қызметтік, мансаптық дәрежесінің өсуі – мамандайындаушы кафедраның басты жетістігі.

Білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың өзін-өзі бағалау, өзін-өзі талдау, өзін-өзі қалыптастыру, өзін таныстыру қабілетін қалыптастыруды бағалауда құзыреттілік тұрғысынан келу әдісі қолданылған. Оқу жұмыс бағдарламасын құрастыруда және бұл құжатты жыл сайын жаңартуда қазіргі ғылым үрдісі ескерілген.

Бағдарламаны талқылау мен сараптама жасау барысында бағалаудың белгіленген критерийі қолданылған.

Олардың ішінде жалпы және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру тиімділігінің индикаторы, пәндердің болашақ кәсіби қызметте қажеттігі мен ғылыми өзектілігі, жаңалығы т.б. – негізгі критерий.

Білім беру бағдарламасы тиімділігінің маңызды көрсеткіші – мамандық құзыреттілігін еркін меңгерген, кең ауқымды іргелі және тәжірибелік дайындығын үйлестіре алатын, алған білімін тәжірибеде қолдана алатын бакалавр дайындау.

Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті білім беруді бағалаудың негізгі көрсеткішіне ие. Атап айтқанда:

- ББ-ны аяқтаған түлектерді жұмыспен қамтамасыз ету мәселесін шешу оңтайлы әрекеті жолға қойылған. Жыл сайын ұйымдастырылатын жұмысқа орналастыру жәрмеңкесі, студенттердің кәсіби іс-тәжірибесін Ұлытау облысының түрлі білім нысанында ұйымдастыру жұмысы олардың педагогикалық шеберлігін көрсету арқылы еңбек нарығына енуге септігін тигізеді.

- ББ-ны аяқтаған соң бітірушіге бакалавр академиялық дәрежесі беріледі;

- Бітіруші түлек еңбек нарығы талабына жауап бере алады.

Еңбек нарығының сұранысын қанағаттандыруда университет түлектерге деген әлеуметтік, экономикалық сұраныс талабын ескереді және соған байланысты қоғамдық дамудың көрсеткішін бере алады;

Студенттердің үлгерімі мен жетістігін талдап бағалау университет деңгейіндегі мониторинг арқылы жүзеге асады. Студенттердің үлгерімі кафедра отырысында қарастырылады және университеттің Ғылыми кеңесінде тиісті сала басшыларының есебінде талданады;

Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті ББ-ны жүзеге асыруда әлеуметтік, экономикалық, мәдени, сауықтыру, оқу-әдістемелік т.б. кешенінің ұйымдастырылуы талапкердің ЖОО-ға бейімделуіне септігін тигізеді.

ББ бағдарламасына сәйкес модульдік және пәндік ақпаратты меңгерту, техникалық, электронды құрал, кітапхана қорын үздіксіз пайдалану мүмкіндігі қарастырылған. ББ-да студенттердің оқу нәтижесіне құзыреттілік тұрғысынан бағалауда олардың әлеуметтену, өзін-өзі таныстыру дағдысы, өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі қалыптастыру қабілеті басшылыққа алынады.

Сонымен қатар білім беру бағдарламасы бойынша қабылдау, контингент қозғалысы және түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері талданды. Ұсынылған мәліметтерге сәйкес, ББ бойынша түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі жалпы алғанда оң көрсеткішке ие. Бұл бағдарламаның өңірлік еңбек нарығында сұранысқа ие екенін және түлектердің кәсіби даярлығы білім беру ұйымдарының қажеттілігімен байланысты екенін көрсетеді.

Алайда білім алушыларды қабылдау динамикасы жылдар бойынша тұрақты емес. Есептік кезеңде қабылдау көрсеткіштерінің ауытқуы байқалады.

Кесте 4.2. Білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар контингенті

ББ атауы мен шифрі /Оқу жылы	2025-2026	2024-2025	2023-2024	2022-2023	2021-2022	Жалпы саны
1 курс	13	6	7	19	-	45

2 курс	8	6	18	5	-	37
3 курс	6	19	5	-	6	36
4 курс	15	3	-	6	5	29

Сондай-ақ аккредиттелетін білім беру бағдарламасы бойынша шетелдік білім алушылар контингенті қалыптаспаған. Қазақ тілі мен әдебиеті бағытының мазмұны түркітілдес елдермен академиялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамытуға әлеуетті болғандықтан, бұл бағыттағы жұмыс бағдарламаның бәсекеге қабілеттілігін күшейте алады.

Ескертулер:

Білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларды қабылдау көрсеткіштері жылдар бойынша тұрақты емес.

Білім алушылар контингентін ұлғайтуға, мектеп және колледж түлектерін мақсатты түрде тартуға, сондай-ақ шетелдік талапкерлердің бағдарламаға қызығушылығын арттыруға бағытталған кәсіптік бағдар беру жұмысының нәтижелілігі жеткілікті деңгейде дәлелденбеген.

Жақсарту салалары:

ББ бойынша білім алушылар контингентін сапалық және сандық тұрғыдан арттыру мақсатында кәсіптік бағдар беру жұмысының форматын трансформациялау және инновациялық тәсілдерді енгізу.

Тек дәстүрлі кездесулермен шектелмей, SMM, цифрлық маркетинг және интерактивті жобалар сияқты заманауи трендтерді пайдалану арқылы мектеп түлектері мен колледж студенттері арасындағы мақсатты аудиторияны кеңейту.

Шетелдік талапкерлерді тарту мақсатында ББ туралы ақпаратты бірнеше тілде ұсыну, сондай-ақ түркітілдес елдердің жоғары оқу орындарымен және білім беру ұйымдарымен байланыстарды кеңейту ұсынылады.

4-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – ішінара сәйкестік.

5-стандарт. Профессор-оқытушылар құрамы

Дәлелдемелер және талдау:

6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын профессор-оқытушылар құрамы білім беру бағдарламасының мақсаттары мен мазмұнына сәйкес қалыптасқан. Кадрлық әлеует қазақ тілі, әдебиеттану, оқыту әдістемесі, педагогика және ғылыми-зерттеу бағыттары бойынша болашақ мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.

Кафедраның кадрлық саясаты университеттің ішкі нормативтік құжаттарына, академиялық саясатқа, оқу жүктемесін жоспарлау тәртібіне және профессор-оқытушылар құрамының кәсіби дамуын қамтамасыз ету қағидаттарына негізделген. Оқытушылардың оқу жүктемесі білім алушылар

контингенті, пәндердің ерекшелігі, кредит көлемі және оқу үдерісінің талаптары ескеріле отырып бөлінеді.

Ұсынылған мәліметтер бойынша білім беру бағдарламасын іске асыруға тартылған ПОҚ құрамында штаттық оқытушылар, ғылыми дәрежесі бар мамандар және магистрлер бар. ПОҚ-тың базалық білімі білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келеді.

Кесте 5.1. ББ дисциплиналары бойынша кадрлық потенциал

Оқу жылы	2024-2025	2023-2024	2022-2023	2021-2022	2020-2021
ПОҚ жалпы саны	15	16	17	17	18
Оның ішінде базалық білімі барлар, %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %
Штаттық ПОҚ саны	12	13	14	14	15
Штаттағы ғылым докторларының саны	1				
Штаттағы PhD докторлар саны	1	1	1	1	1
Ғылым кандидаттарының саны	7	7	7	7	7
Магистрлер саны	2	2	3	3	3
Орташа жас	51	50	49	48	47
Шетелдік оқытушылар/ғалымдар/кеңесшілер	0	0	0	0	0

Профессор-оқытушылар құрамы білім беру бағдарламасын жетілдіру жұмысына қатысады. Кафедра оқытушылары модульдік білім беру бағдарламасын әзірлеуге, элективті пәндер мазмұнын жаңартуға, оқу-әдістемелік кешендерді дайындауға, ғылыми-әдістемелік семинарлар өткізуге және оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізуге үлес қосады.

ПОҚ-тың оқу-әдістемелік қызметі білім беру бағдарламасының мазмұнын сапалы іске асыруға бағытталған. Оқытушылар силлабустарды, дәріс материалдарын, практикалық және семинар сабақтарына арналған тапсырмаларды, білім алушылардың өзіндік жұмыстарына арналған материалдарды және бақылау-өлшеу құралдарын әзірлейді.

Ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша кафедрада белгілі бір тәжірибе қалыптасқан. Ұсынылған мәліметтерде KUTEL жобасы, Жезқазған индустриалдық-гуманитарлық колледжімен (ЖИГК) хоздоговорлық жобалар, сондай-ақ жекелеген оқытушылардың ғылыми жарияланымдары көрсетілген.

Кесте 5.2. ПОҚ ғылыми жобалары

№	Наименование проекта	Годы реализации	Руководитель, должность	Грантодатель, общая сумма
1	КУТЕЛ	2019–2022	Такишов А.А. Хамитова Э.А., Кашкинбаева З.Ж., Дергунова Е.Ю., коллектив ЖезУ	70824 Евро (Евросоюз)
2	Хоздоговор с ЖИГК	2024-2025	Кашкинбаева З.Ж.	500 000 тенге
3	Хоздоговор с ЖИГК	2026-2027	Кашкинбаева З.Ж.	700 000 тенге

Сонымен қатар ғылыми белсенділік барлық ПОҚ бойынша біркелкі емес. Халықаралық дерекқорларда, оның ішінде Scopus және Web of Science базаларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланымдар санын арттыру қажеттілігі байқалады. Білім беру бағдарламасының тұрақты дамуы үшін ғылыми жарияланымдардың сапасын, тақырыптық өзектілігін және олардың ОП мазмұнымен байланысын күшейту маңызды.

Кесте 5.3. ПОҚ жарияланымдары

№	Ф.И.О.	1, 2, 3 квартиль по данным JCR (ЖСР) в Web of Science Core Collection	С процентилем более 35 в базе данных Scopus	С процентилем более 25 и менее 35 в базе данных Scopus	Научные статьи за последние пять лет в изданиях, включенных в Перечень научных изданий КОКСОН МНИВО РК для публикации основных результатов научной деятельности
1	Умирбекова А.К.	2	1	1	4
2	Кашкинбаева З.Ж.	1			2

ПОҚ-тың академиялық ұтқырлығы бойынша жекелеген мәліметтер ұсынылғанымен, кафедра оқытушыларының ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлыққа жүйелі қатысуы жеткіліксіз деңгейде. Оқытушылардың еліміздің және шетелдің жетекші жоғары оқу орындарымен, ғылыми орталықтарымен тәжірибе алмасуы, тағылымдамадан өтуі және шақырылған оқытушы ретінде дәріс оқу тәжірибесі білім беру бағдарламасының академиялық әлеуетін күшейте алады.

Кесте 5.4. ПОҚ-тың академиялық ұтқырлығы бойынша деректер

№	Ф.И.О., Ученая/академическая степень, звание	Наименование курса, вид стажировки	Сроки пребывания	Вуз-партнер (страна)
1	Кашкинбаева Замзагуль Жанайдаровна	Менеджмент в образовании	22 февраля – 20 марта 2021	Кыргызстан БГУ
2	Хамитова Эльмира Амантаевна	Қазақ жазу ж/е латын графикасының тарихы	2024 год	Астана
3	Саменова Света Нуртаевна	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы	май, 2024	КарГУ имени Букетова

ББ бойынша шетелдік оқытушылар, ғалымдар немесе консультанттар тартылмаған. Бұл халықаралық академиялық ынтымақтастықты кеңейту, шетелдік тәжірибені оқу үдерісіне енгізу және білім алушыларды қазіргі түркітану, қазақ филологиясы, әдебиеттану және әдістеме салаларындағы халықаралық ғылыми бағыттармен таныстыру қажеттігін көрсетеді.

Кадрлық резерв және сабақтастық мәселесі де назар аударуды қажет етеді. Білім беру бағдарламасының тұрақты дамуы үшін жас оқытушыларды даярлау, магистрлерді ғылыми және педагогикалық қызметке тарту, аға буын оқытушылар мен жас мамандар арасында тәлімгерлік жүйесін дамыту маңызды. Бұл кафедраның ұзақ мерзімді академиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Профессор-оқытушылар құрамының кәсіби дамуы педагогикалық, әдістемелік, зерттеушілік және цифрлық құзыреттіліктерді тұрақты жетілдірумен байланысты болуы тиіс. Қазақ тілі мен әдебиеті бағыты бойынша қазіргі кезеңде цифрлы гуманитаристика, медиа мәтіндер, академиялық жазылым, тілдік технологиялар, корпус лингвистикасы және заманауи оқыту әдістемесі бойынша ПОҚ құзыреттілігін арттыру өзекті болып табылады.

Жалпы алғанда, 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын іске асыратын профессор-оқытушылар құрамы кәсіби даярлығы мен базалық білімі бойынша бағдарлама талаптарына сәйкес келеді. Сонымен қатар ғылыми жарияланым белсенділігін арттыру, академиялық ұтқырлықты дамыту, шетелдік ғалымдарды тарту және жас кадрларды жүйелі даярлау бағыттары қосымша жетілдіруді қажет етеді.

Ескертулер:

ПОҚ-тың халықаралық ғылыми басылымдардағы және рейтингтік отандық журналдардағы жарияланымдық белсенділігі жеткіліксіз деңгейде.

Ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық, тәжірибе алмасу және тағылымдамалар жүйесі жеткіліксіз дамыған.

Білім беру бағдарламасы бойынша шетелдік оқытушылар, ғалымдар немесе консультанттар тартылмайды.

Ғылыми дәрежесі бар жас мамандар қатарынан кадрлық резервті мақсатты түрде қалыптастыру жұмысы жеткіліксіз.

Жақсарту салалары:

ПОҚ-тың Scopus, WoS дерекқорларында индекстелетін ғылыми басылымдардағы, сондай-ақ ҚР ҒЖБССҚК ұсынған басылымдардағы жарияланымдық белсенділігін арттыру және ПОҚ-ты материалдық ынталандыру тетіктерін қарастыру.

Кафедра ПОҚ-ы мен шетелдік ғалымдардың бірлескен зерттеулерін дамыту үшін халықаралық ғылыми интеграция бойынша жол картасын әзірлеу.

Оқытушылардың ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлыққа, тағылымдамаларға, ғылыми іссапарларға және тәжірибе алмасу бағдарламаларына қатысуын жандандыру, сондай-ақ отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен «Оқытушылар алмасу» бағдарламасын қайта іске қосу.

Шетелдік профессорлар мен ғалымдарды дәрістер оқуға, семинарлар өткізуге, мастер-кластар ұйымдастыруға және бірлескен ғылыми жобаларды

іске асыруға тарту.

Жас кадрларды даярлауды, тәлімгерлік жүйесін және ғылыми дәрежесі бар жас оқытушыларды мақсатты қолдауды дамыту.

ПОҚ-тың заманауи білім беру әдістемелері саласындағы кәсіби құзыреттерін арттыру.

5-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – ішінара сәйкестік.

6-стандарт. Оқу ресурстары және студенттерді қолдау

Дәлелдемелер және талдау:

6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын іске асыру үшін университетте қажетті оқу ресурстары, материалдық-техникалық база, ақпараттық ресурстар және студенттерді қолдау жүйесі қалыптасқан. Сыртқы аудит барысында ұсынылған материалдар мен білім алушылармен жүргізілген сұхбаттар оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті негізгі жағдайлардың қамтамасыз етілгенін көрсетті.

Университеттің қаржылық және ресурстық саясаты білім беру бағдарламаларын сапалы іске асыруға, оқу аудиторияларын жабдықтауға, кітапхана қорын толықтыруға, цифрлық ресурстарды дамытуға және студенттерге қолдау көрсетуге бағытталған. Кітапхана қорын толықтыру бюджеттік және бюджеттен тыс қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Университеттің оқу ғимараттары, дәрісханалары, оқу залдары және басқа да нысандары оқу үдерісін ұйымдастыруға қолайлы жағдай жасайды. Интернетке қолжетімділік компьютерлік сыныптарда, кафедрада, директоратта және университеттің құрылымдық бөлімдерінде қамтамасыз етілген.

2021–2026 жылдар аралығында университеттің материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарын жаңарту бағытында жұмыстар жүргізілген. Бұл оқу үдерісін қазіргі талаптарға сәйкес ұйымдастыруға, цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға және студентке бағдарланған білім беру ортасын дамытуға мүмкіндік береді.

Университет кітапхана-ақпараттық қорының жалпы ауданы 825 шаршы метрді құрайды. Кітапхана құрамында 6 оқу залы бар, оның ішінде 2 электронды оқу залы, ғылыми оқу залы, абонемент және кітап сақтау қоймасы жұмыс істейді. Оқу залдарындағы орын саны – 140, кітапханадағы компьютер саны – 45.

Кітапхана қоры дәстүрлі баспа өнімдерімен қатар электронды ресурстармен де толықтырылған. Кітапхана қорының едәуір бөлігі электронды тасымалдағыштардан, электронды оқулықтардан, диссертациялар мен монографиялардан тұрады. Студенттер мен профессор-оқытушылар құрамына халықаралық ғылыми дерекқорларға және отандық электронды кітапхана ресурстарына қолжетімділік қарастырылған.

2025 жылғы жалпы кітапхана қоры 296 651 дананы құрайды. Қордың

негізгі бөлігін оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер, сондай-ақ ғылыми әдебиеттер құрайды. Кітапхана қоры кафедралардың сұранысы және ПОҚ-тың авторлық басылымдары негізінде жыл сайын толықтырылып отырады. 2024–2025 оқу жылында мемлекеттік тілдегі әдебиеттердің үлесі жалпы түскен әдебиеттің 44,2%-ын құраған.

Білім беру бағдарламасын іске асыруда кафедраның оқу-әдістемелік және техникалық базасы пайдаланылады. Әдістемелік кабинет, қазақ тілі мен әдебиеті оқу аудиториясы, Ахмет Байтұрсынов атындағы аудитория, лингафон кабинеті, компьютерлік сынып және лекциялық аудитория қарастырылған. Аталған аудиториялар оқу үдерісін ұйымдастыруға, тілдік және әдеби дайындықты жүргізуге, студенттердің өзіндік жұмысын орындауына және цифрлық ресурстарды қолдануына мүмкіндік береді.

Методикалық кабинет маркерлік тақтамен, компьютермен, стендтермен және әдебиеттермен жабдықталған. Қазақ тілі мен әдебиеті оқу аудиториясында теледидар, компьютер, интерактивті панель және қазақ тілін оқытуға арналған оқу құралдары бар. Ахмет Байтұрсынов атындағы аудиторияда компьютер, оқу құралдары сақталатын шкафтар және стендтер орналасқан. Лингафон кабинетінде компьютер, принтер, проектор, теледидар, лингафондық кешен және аудиомәтіндер қарастырылған.

Компьютерлік сынып 18 компьютермен, интерактивті панельмен және оқу бағдарламаларымен жабдықталған. Сонымен қатар оқу үдерісінде «Қазақ тест», 100kitap.kz, openu.kz, termincom.kz сияқты электронды ресурстарды қолдану мүмкіндігі бар.

Студенттерді қолдау жүйесі академиялық, ақпараттық және әлеуметтік бағыттарды қамтиды. Білім алушылар эдвайзерлер, кураторлар, кафедра, кітапхана, студенттерге қызмет көрсету құрылымдары және университеттің басқа да бөлімшелері арқылы қажетті ақпараттық және кеңес беру көмегін алады.

6 - стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

7-стандарт. Жұртшылықты ақпараттандыру

Дәлелдемелер және талдау:

Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде жұртшылықты ақпараттандыру жұмысы ресми сайт, Platonus ақпараттық жүйесі, әлеуметтік желілер, ақпараттық стендтер, буклеттер, постерлер, баннерлер және профориентациялық іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады. Аталған арналар талапкерлерге, білім алушыларға, ата-аналарға, түлектерге, жұмыс берушілерге және басқа да мүдделі тараптарға университет пен білім беру бағдарламалары туралы ақпарат ұсынуға бағытталған.

Университеттің ресми сайтында білім беру бағдарламалары, университеттің миссиясы, академиялық саясат, ішкі нормативтік құжаттар, қабылдау ережелері және оқу үдерісіне қатысты жалпы ақпарат орналастырылған. Platonus/AIS жүйесі білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамы үшін оқу кестесіне, пәндерге, оқу нәтижелеріне, бағаларға және оқу үдерісіне қатысты мәліметтерге қол жеткізудің негізгі цифрлық құралы ретінде қолданылады.

6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ туралы ақпарат университеттің ресми ақпараттық ресурстарында ұсынылған. БББ бойынша талапкерлер мен білім алушыларға мамандықтың атауы, даярлау бағыты, оқыту тілі, оқу мерзімі, кәсіби қызмет салалары, қабылдау шарттары және оқу үдерісіне қатысты негізгі мәліметтер беріледі.

Университет пен кафедра тарапынан профориентациялық жұмыс жүргізіледі. Ақпараттық материалдар, ашық есік күндері, мектептер мен колледждермен байланыс, әлеуметтік желілердегі жарияланымдар және қабылдау комиссиясы арқылы берілетін мәліметтер талапкерлерді білім беру бағдарламасы туралы хабардар етуге бағытталған.

Білім беру бағдарламасының еңбек нарығымен байланысын көрсету мақсатында түлектердің жұмысқа орналасуы туралы ақпаратты жариялау маңызды. Ұсынылған мәліметтерге сәйкес, ББ бойынша түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жалпы алғанда оң деңгейде. Бұл мәліметтерді сайтта жүйелі түрде көрсету талапкерлер мен жұмыс берушілер үшін бағдарламаның нәтижелілігін және кәсіби болашағын нақтырақ танытуға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге сыртқы аудит барысында ресми сайттың ақпараттық мазмұны мен құрылымдық толықтығы бойынша жетілдіруді қажет ететін мәселелер анықталды. Университет сайтында білім беру бағдарламалары туралы жалпы ақпарат берілгенімен, жекелеген бөлімдерде мәліметтер толық емес немесе жүйелі түрде жаңартылмайды. Атап айтқанда, білім беру бағдарламаларының жаңартылған сипаттамалары, профессор-оқытушылар құрамының түйіндемелері, оқу нәтижелері, түлектердің жұмысқа орналасуы және білім алушылар мен оқытушылардың жетістіктері туралы ақпаратты толық әрі тұрақты орналастыру қажеттілігі байқалады.

Сонымен қатар студенттер үшін маңызды ақпараттық бөлімдердің мазмұны да толықтыруды қажет етеді. Мысалы, студенттік жатақхана, студенттерді қолдау қызметтері, академиялық кеңес беру, әлеуметтік қолдау,

психологиялық көмек, студенттік сервистер және басқа да қолдау тетіктері туралы ақпарат жеткілікті деңгейде құрылымдалмаған немесе толық ұсынылмаған, пайдалы сілтемелер қолжетімсіз. Бұл талапкерлердің, білім алушылардың, ата-аналардың және басқа да мүдделі тараптардың университеттің білім беру ортасы мен қолдау мүмкіндіктері туралы толық ақпарат алуын шектейді.

Қазіргі жағдайда білім беру бағдарламасының ақпараттық тартымдылығын арттыру үшін тек жалпы мәліметтерді орналастыру жеткіліксіз. 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ кәсіби мүмкіндіктерін кеңінен көрсету қажет.

Сондай-ақ білім алушылар мен оқытушылардың жетістіктері, ғылыми және шығармашылық жобалар, конференциялар, олимпиадалар, кәсіби практика нәтижелері, түлектердің табысты кәсіби траекториялары туралы жаңалықтарды тұрақты жариялау қажет. Бұл білім беру бағдарламасының имиджін күшейтіп, оның қоғам алдындағы ашықтығын арттырады.

Жалпы алғанда, университетте жұртшылықты ақпараттандырудың негізгі арналары қалыптасқан және білім беру бағдарламасы туралы жалпы ақпарат қолжетімді. Алайда ресми сайттағы ақпараттың толықтығы, өзектілігі, құрылымдалуы және тұрақты жаңартылуы бойынша кемшіліктер бар. Осыған байланысты стандарт талаптары негізінен орындалғанымен, ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін әрі қарай жетілдіру қажет.

Ескерту:

Ресми сайттың ақпараттық мазмұны толық және жүйелі көлемде қамтамасыз етілмеген. Жекелеген бөлімдерде ақпарат жеткіліксіз ұсынылған немесе тұрақты негізде жаңартылмайды.

Жақсарту салалары:

Сайттың ақпараттық мазмұнын кеңейту, оның ішінде ББ сипаттамаларын, ПОҚ түйіндемелерін, оқу нәтижелерін, түлектердің жұмысқа орналасуы және олардың кәсіби жетістіктері туралы мәліметтерді тұрақты түрде жаңартып орналастыру.

Студенттерге арналған ақпараттық бөлімдерді толықтыру: студенттік жатақхана, студенттерді қолдау қызметтері, академиялық кеңес беру, әлеуметтік қолдау, психологиялық көмек және басқа да студенттік сервистер туралы мәліметтерді қолжетімді әрі құрылымдалған түрде ұсыну.

Инфографиканы, қысқа бейнематериалдарды, түлектердің табыс тарихтарын, жұмыс берушілердің пікірлерін және әлеуметтік желілерге бейімделген материалдарды пайдалану, сондай-ақ сайттағы жаңалықтарды жүйелі түрде жаңартып, пайдалы сілтемелердің қолжетімділігін тексеріп отыру.

7-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – елеулі сәйкестік.

3-ТАРАУ

ҚОРЫТЫНДЫ

Аудит қорытындысы бойынша сараптамалық топтың ескертулері мен жақсарту салалары:

1-СТАНДАРТ. Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты - толық сәйкестік.

2-СТАНДАРТ. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару – елеулі сәйкестік.

Ескерту:

ББ мазмұнын жаңарту процесінде еңбек нарығының жаңа талаптарының, жұмыс берушілер ұсыныстарының, түлектердің кәсіби траекторияларының және білім алушылар сұраныстарының нақты ықпалы жеткілікті деңгейде дәлелденбеген.

Жақсарту салалары:

ББ мазмұнын қазіргі еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін бағыттармен, оның ішінде цифрлық гуманитаристика, медиамәтін, контент әзірлеу, тілдік технологиялар және академиялық жазылым бағыттарымен толықтыру.

Жұмыс берушілердің ұсыныстарын, түлектердің кәсіби траекторияларын және білім алушылардың сұраныстарын ескере отырып, элективті пәндер каталогын тұрақты негізде жаңартып отыру.

3-СТАНДАРТ. Студентке орталықтандырылған оқыту, оқыту және бағалау – елеулі сәйкестік.

Ескертулер:

Білім алушылардың ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу деңгейі жеткіліксіз.

Студенттерді ғылыми-зерттеу, стартап және халықаралық жобаларға тарту жұмысы жүйелі түрде жолға қойылмаған.

Жақсарту салалары:

Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан және басқа да түркітілдес елдердің университеттерін қоса алғанда, жетекші отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен академиялық ынтымақтастықты кеңейту.

Студенттердің ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлыққа қатысуын

қамтамасыз ету мақсатында қолжетімді бағдарламалар туралы тұрақты ақпараттандыру, студенттік алмасу және қысқа мерзімді академиялық бағдарламаларды ұйымдастыру, сондай-ақ оқу нәтижелерін тану рәсімдерін қамтамасыз ету.

Студенттерді ғылыми-зерттеу және шығармашылық қызметке тарту тетіктерін, оның ішінде ғылыми жобаларға, конференцияларға, пәндік олимпиадаларға және жобалық қызметке қатысу арқылы күшейту.

4-СТАНДАРТ. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау – ішінара сәйкестік.

Ескертулер:

Білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларды қабылдау көрсеткіштері жылдар бойынша тұрақты емес.

Білім алушылар контингентін ұлғайтуға, мектеп және колледж түлектерін мақсатты түрде тартуға, сондай-ақ шетелдік талапкерлердің бағдарламаға қызығушылығын арттыруға бағытталған кәсіптік бағдар беру жұмысының нәтижелілігі жеткілікті деңгейде дәлелденбеген.

Ұсыныс:

ББ бойынша білім алушылар контингентін сапалық және сандық тұрғыдан арттыру мақсатында кәсіптік бағдар беру жұмысының форматын трансформациялау және инновациялық тәсілдерді енгізу.

Тек дәстүрлі кездесулермен шектелмей, SMM, цифрлық маркетинг және интерактивті жобалар сияқты заманауи трендтерді пайдалану арқылы мектеп түлектері мен колледж студенттері арасындағы мақсатты аудиторияны кеңейту.

Шетелдік талапкерлерді тарту мақсатында ББ туралы ақпаратты бірнеше тілде ұсыну, сондай-ақ түркітілдес елдердің жоғары оқу орындарымен және білім беру ұйымдарымен байланыстарды кеңейту ұсынылады.

5-СТАНДАРТ. Профессор-оқытушылар құрамы – ішінара сәйкестік.

Ескертулер:

ПОҚ-тың халықаралық ғылыми басылымдардағы және рейтингтік отандық журналдардағы жарияланымдық белсенділігі жеткіліксіз деңгейде.

Ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық, тәжірибе алмасу және тағылымдамалар жүйесі жеткіліксіз дамыған.

Білім беру бағдарламасы бойынша шетелдік оқытушылар, ғалымдар немесе консультанттар тартылмайды.

Ғылыми дәрежесі бар жас мамандар қатарынан кадрлық резервті мақсатты түрде қалыптастыру жұмысы жеткіліксіз.

Жақсарту салалары:

ПОҚ-тың Scopus, WoS дерекқорларында индекстелетін ғылыми басылымдардағы, сондай-ақ ҚР ҒЖБССҚК ұсынған басылымдардағы жарияланымдық белсенділігін арттыру және ПОҚ-ты материалдық ынталандыру тетіктерін қарастыру.

Кафедра ПОҚ-ы мен шетелдік ғалымдардың бірлескен зерттеулерін дамыту үшін халықаралық ғылыми интеграция бойынша жол картасын әзірлеу.

Оқытушылардың ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлыққа, тағылымдамаларға, ғылыми іссапарларға және тәжірибе алмасу бағдарламаларына қатысуын жандандыру, сондай-ақ отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен «Оқытушылар алмасу» бағдарламасын қайта іске қосу.

Шетелдік профессорлар мен ғалымдарды дәрістер оқуға, семинарлар өткізуге, мастер-кластар ұйымдастыруға және бірлескен ғылыми жобаларды іске асыруға тарту.

Жас кадрларды даярлауды, тәлімгерлік жүйесін және ғылыми дәрежесі бар жас оқытушыларды мақсатты қолдауды дамыту.

ПОҚ-тың заманауи білім беру әдістемелері саласындағы кәсіби құзыреттерін арттыру.

6-СТАНДАРТ. Оқу ресурстары мен студенттерді қолдау – толық сәйкестік.

7-СТАНДАРТ. Жұртшылықты ақпараттандыру – елеулі сәйкестік.

Ескертулер:

Ресми сайттың ақпараттық мазмұны толық және жүйелі көлемде қамтамасыз етілмеген. Жекелеген бөлімдерде ақпарат жеткіліксіз ұсынылған немесе тұрақты негізде жаңартылмайды.

Жақсарту салалары:

Сайттың ақпараттық мазмұнын кеңейту, оның ішінде ББ сипаттамаларын, ПОҚ түйіндемелерін, оқу нәтижелерін, түлектердің жұмысқа орналасуы және олардың кәсіби жетістіктері туралы мәліметтерді тұрақты түрде жаңартып орналастыру.

Студенттерге арналған ақпараттық бөлімдерді толықтыру: студенттік жатақхана, студенттерді қолдау қызметтері, академиялық кеңес беру, әлеуметтік қолдау, психологиялық көмек және басқа да студенттік сервистер туралы мәліметтерді қолжетімді әрі құрылымдалған түрде ұсыну.

Инфографиканы, қысқа бейнематериалдарды, түлектердің табыс тарихтарын, жұмыс берушілердің пікірлерін және әлеуметтік желілерге бейімделген материалдарды пайдалану, сондай-ақ сайттағы жаңалықтарды жүйелі түрде жаңартып, пайдалы сілтемелердің қолжетімділігін тексеріп отыру.

Приложение 1

**ПРОГРАММА
ВНЕШНЕГО АУДИТА ЭКСПЕРТНОЙ ГРУППЫ
НЕЗАВИСИМОГО АГЕНТСТВА ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА
В ОБРАЗОВАНИИ (IQAA)
В АО «ЖЕЗКАЗГАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ О.А.БАЙКОНУРОВА»**

Дата проведения аудита: 19 - 20 мая 2026 года

Время	Мероприятие	Участники	Место
18 мая 2026 г.			
В течение дня	Заезд в отель	Члены внешней экспертной группы	Отель
1-й день: 19 мая 2026 г.			
8:45	Приезд в университет	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы	Кабинет 205 Б
09:00-10:00	Брифинг, обсуждение организационных вопросов	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы	Кабинет 205 Б
10:00-10:45	Интервью с Ректором университета	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы, Ректор	Кабинет 205 Б
10:45-11:00	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы	Кабинет 205 Б
11:00-11:45	Интервью с проректорами	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы, проректоры	Кабинет 205 Б
11:45-12:00	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы	Кабинет 205 Б
12:00-12:45	Интервью с руководителями структурных подразделений	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы, Руководители структурных подразделений	Кабинет 205 Б
12:45-13:00	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы	Кабинет 205 Б
13:00-14:00	Обед	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы	Кабинет 205 Б
14:00-16:30	Посещение баз практик и учебных занятий	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы, Заведующие кафедрами	Базы практик
16:30-16:45	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы	Кабинет 205 Б
16:45-17:30	Интервью с заведующими кафедр по направлениям аккредитуемых программ	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы, деканы, заведующие кафедрами	Параллельные сессии: Кластер 1 – 205Б Кластер 2 – 208 Б

17:30-17:45	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы	Параллельные сессии: Кластер 1 – 205Б Кластер 2 – 208 Б
17:45-18:30	Интервью с работодателями	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы, Работодатели	Параллельные сессии: Кластер 1 – 205Б Кластер 2 – 208 Б
18:30-18:45	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы	Параллельные сессии: Кластер 1 – 205Б Кластер 2 – 208 Б
18:45-19:30	Интервью с выпускниками	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы	Параллельные сессии: Кластер 1 – 205Б Кластер 2 – 208 Б
19:30-19:45	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы	Параллельные сессии: Кластер 1 – 205Б Кластер 2 – 208 Б
19:45	Ужин		305 Б
2-й день: 20 мая 2026 г.			
8:45	Приезд в университет	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы	
9:00-9:45	Интервью с ППС кафедр по направлениям аккредитуемых образовательных программ	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы, ППС кафедр	Параллельные сессии: Кластер 1 – 205Б Кластер 2 – 208 Б
9:45-10:00	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы	
10:00-10:45	Интервью с обучающимися	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы, студенты бакалавриата	Параллельные сессии: Кластер 1 – 205Б Кластер 2 – 208 Б
10:45-11:00	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы	
11:00-12:30	Визуальный осмотр материально-технической и учебно-лабораторной базы по направлениям аккредитуемых образовательных программ	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы, Заведующие кафедрами	Параллельные сессии: Кластер 1 – корпус Б, С Кластер 2 – корпус Б, С, корпус №5
12:30-13:00	Визуальный осмотр Презентация LMS	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы, Начальники структурных подразделений	Параллельные сессии: Кластер 1 – корпус Б, С Кластер 2 – корпус Б, С, корпус №5
13:00-14:00	Обед	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы	305 Б
14:00-	Приглашение заведующих	Руководитель внешней экспертной	Кластер 1 – 205Б

15:00	кафедрами по запросу экспертов	группы, Экспертная группа, Координатор группы, Заведующие кафедрами	Кластер 2 – 208 Б
15:00-16:00	Подготовка отчетов по внешнему аудиту. Изучение документации по аккредитуемым образовательным программам. Приглашение отдельных представителей университета и структурных подразделений по запросу экспертов.	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Руководители структурных подразделений, Заведующие кафедрами	Кластер 1 – 205Б Кластер 2 – 208 Б
16:00-17:00	Подведение предварительных итогов внешнего аудита.	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы	Кластер 1 – 205Б Кластер 2 – 208 Б
17:00-17:30	Встреча с руководством для представления предварительных итогов внешнего аудита	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Руководство университета	212 Б
Согласно расписания	Отъезд экспертов	Руководитель внешней экспертной группы, Экспертная группа, Координатор группы	Отель/Аэропорт

Примечание: Р – руководитель ВЭГ, ЭГ – экспертная группа, К – координатор группы, РСП – руководители структурных подразделений

СПИСОК ДОКУМЕНТОВ, РАССМОТРЕННЫХ ДОПОЛНИТЕЛЬНО В ВУЗЕ

1. Образовательная программа
2. Рабочий учебный план
3. Каталог элективных дисциплин
4. Политика и система внутреннего обеспечения качества образования
5. Материалы коллегиальных органов управления образовательной программой
6. Курсовые работы (проекты) студентов за отчетный период (2-3 работы (проекты) студентов за каждый учебный год, защищенных на оценки «отлично», «хорошо» и «удовлетворительно»)
7. Дипломные работы (проекты) студентов (2-3 работы (проекты) выпускников за каждый учебный год, защищенных на оценки «отлично», «хорошо» и «удовлетворительно»)